

## Жамбыл облысының кейбір елді мекендеріне атау беру туралы

Жамбыл облысы әкімдігінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 252 қаулысы және Жамбыл облыстық мәслихатының 2018 жылғы 13 желтоқсандағы № 30-8 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 29 желтоқсанда № 4078 болып тіркелді

Р К А О - н ы ң                            е с к е р т п е с і .

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына сәйкес, тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып және Жамбыл облысы әкімдігі жанындағы ономастика комиссиясының 2018 жылғы 8 қарашадағы қорытындысы негізінде Жамбыл облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жамбыл облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жамбыл облысы Меркі ауданы Аспара ауылдық округінің № 1 бөлімшесіне Қайындысай ауылы және № 2 бөлімшесіне Құмарық ауылы атаулары берілсін.
2. Осы нормативтік құқықтық актінің орындалуын бақылау облыстық мәслихаттың экономика, бюджет, салық және жергілікті өзін-өзі басқару мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына және жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына жүктелсін.
3. Осы нормативтік құқықтық акті әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімінің міндеттін атқарушы

Б. Орынбеков

Облыстық мәслихат сессиясының төрагасы

М. Төлепберген

Облыстық мәслихаттың хатшысы

Б. Қарашолақов